

Бұл малды орыс көпестері де, ортаазиялық көпестер де өте бағалады» деп атап өтілген XIX ғасырдың орта шенінде.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақтар арасында егіншілік едәуір дамыды. Қазақстанның оңтүстігінде де, солтүстік округтердің аумағында да егіншілік сұраным тарапынан болды. Кіші жүздің оңтүстік аудандары қазақтарының арық арқылы сұғарылатын дәстүрлі егіншілігін А.И. Левшин мен Я.П. Гавердовский XIX ғасырдың басында-ақ сипаттап берген. Деректемелерде егіншіліктің даму дәрежесі жөнінен оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтар ерекше болып көрсетіледі. С.Б. Броневский қазақтар шаруашылығының көптеген жақтарын сипаттай келіп, мынаны атап өту қажет деп тапқан: «Үлкен орданың Жеті өзен аңғарында, Балқаш қызыл егіншіліктен ықыластана айналысады, оларда тары, бидай және арпа өседі. Егінбекор Ташкентпен көршілес өңірлердің олардың осы кәсібін түрткі болған». Кейбір жерлерде қазақ егіншілерінің диқандары өте жоғары өнім жинаған, мәселен, Ш. Уәлихановтың айтуынша, «қазақ-диқан еңбектор және ықдағаты болған жағдайда, ол ыстыққа қарамастан, егіннің түсімі - қырық есе деп сеніммен үміттенеді (қыруар өнім)». Зерттеуші С. Б. Броневский де өзінің бастауылары бойынша қазақ егіншілігі Орта Азиямен және Қашғариямен байланысты деп санаған. «Ташкенттіктердің ықпалына бола жүріп, қазақтар олардан диқаншылықты, өздері үшін осынша пайдалы және бейбіт кәсіпшілікті үйренбей тура алмады».

Қазақтардың XVIII-XIX ғасырлардағы шаруашылық қызметінің басқа нысандарынан, негізінен алғанда, бос уақытты өткізуге байланысты және кәсіби аң аулау ісімен, солтүстік аудандар орыс қазақтарының ықпалымен пайда болған балық аулауымен, оңтүстік аудандарда Орта Азиямен және тығыз қатынастардың нәтижесі ретінде бақша өсіруді, сондай-ақ қолөнерді атап өту керек. Қолөнердің біраз түрінің дамуы шеңберінде XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың бірінші жартысымен шектелетін. XVIII ғасырдың екінші жартысында да, қолөнер бұйымдарының түр-түрі жағынан да ерекше өзгерістер болған жоқ. Қазақтардың қолөнер кәсіпшілігі шаруашылығының табиғи сипаттын бейнелейді. Сонымен бірге Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалық орталықтар қолөнердің көптеген түрлерінде елеулі жетістікке жетіп, өндірістік қызмет саласы ретінде қалыптасты. Тоқымашылық, ұсталық іс, зергерлік өнер және қолөнердің басқа да көптеген түрлері ішкі рыноктың қажеттігін ғана қанағаттандырып қойған жоқ, сонымен қатар сыртқы сауданың кірісті саласына айналды.

Далалықтар арасында қолөнердің дамуына келер болсақ, мұнда қазақтардың XIX ғасырдың орта шеніндегі қолөнер ісін терең зерттеген Г.В. Колпоморовтың пікіріне сілтеме жасауға болады: «Егер XVIII ғасырда қазақтарда қолөнер үйдегі өндіріс ретінде болса, XIX ғасырдың ортасына қарай кейбір қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлінуі жағына қарай ілгерілеушілік және қолөнердің жекелеген аудандар бойынша мамандануын орнын алады. Балташылық, ағаш шеберлігі және ұсталық істер бойынша шеберлер пайда болады, олармен қазақтардың ең кедей бөлігі ғана айналысты» [3, 192].

Қазақстанда тауар-ақша қатынастарының неғұрлым жеделдете енуіне, өнеркәсіп пен қалалардың дамуына, егіншілік пен шөп шабудың таралуына, мал шаруашылығының рынок жағдайларына мән талаптарына бейімделуіне қарай шаруашылық өзгерістер үшін алғашқы жағдайлар қалыптасты

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Есенғазы.Қ., Қазақ елінің тарихы., Алматы, 2015-323б.
2. <https://world-nan.kz/kz/blogs/traditsii-zemledeliya-u-kazakhov>.
3. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық(3 том)., “Атамұра” баспасы., Алматы, 2002-192б.
4. <https://world-nan.kz/kz/blogs/qazaqtyn-dasturli-sharuashylygynyn-otyryqshylyqqa-auysuy>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ

Жұманазар Қ.Қ., Жаңбыр А.А.

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Электрондық адресі: karlygashzhumanazarova@gmail.com

Қарағанды қ.

Этнология ғылымы Қазақстанның гуманитарлық ғылымдар жүйесінде ерекше орын алады. Бұл ғылым қоғам тарихын зерттеу, мәдениет пен этностың генезисін, олардың өткенін, қазіргісін және белгілі бір дәрежеде болашағын анықтау үшін қажет. Қазақстандағы этнология ғылымының дамуы - республиканың гуманитарлық білім жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын күрделі және көп

қырлы процесс. Этнология ғылымы қоғамдық ғылымдардың тайпалар мен халықтарды зерттейтін саласы ретінде қазақ ғылымында XX ғасырдың ортасынан бастап қалыптасып, тәуелсіздік жылдарында жаңа серпін алды. Этнология мен этнография терминдерін ажырату маңызды мәселе болып табылады. Этнография - деректерді жинау, сипаттау және тіркеу процесімен айналысатын болса, этнология - жиналған материалдарды теориялық тұрғыдан талдау, салыстыру және жүйелеу, этностардың пайда болуы мен дамуының заңдылықтарын анықтау жөніндегі ғылым саласы. Этнология (грекше *ethnos* - халық, *logos* - ілім) - халықтардың шығу тегін, қоныстану аймағын, мәдени ерекшеліктерін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін зерттейтін ғылым саласы. Бұл мақалада этнология ғылымы оқшауланып, оның дамуының негізгі кезеңдері, әдіснамалық негіздері және қазіргі жағдайы қарастырылады [1].

Зерттеу жұмысы барысында қолданылған әдістер: Қазақ этнографиясы мен этнологиясының даму тарихын талдау барысында әр кезеңдегі ғалымдардың ғылыми тәсілдеріне сүйене отырып, зерттеуде кешенді әдістер қолданылады. Ең алдымен, қазақ халқының этникалық тарихын, ру-тайпалық жүйесінің қалыптасуын түсіндіру үшін тарихи-генетикалық әдіс пайдаланылды. Бұл әдіс этнос қалыптасуындағы түркі-монғол тайпаларының ықпалын, олардың тарихи бірлігін және этногенездік процестердің сипатын ашуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қазақ, ноғай, өзбек шежірелері мен әртүрлі тарихи деректерді өзара салыстыру нәтижесінде тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Бұл тәсіл ру-тайпалардың шығу тегі, этникалық байланыстар және олардың тарихи қалыптасу жолдарын анықтауда маңызды рөл атқарды.

Этнология ғылымының негізгі зерттеу нысандары: этнос және оның құрылымдық компоненттері, этникалық процестер, этномәдени байланыстар, этносаралық қатынастар, этникалық сана мен өзін-өзі сәйкестендіру. Ғылыми білім жүйесінде этнология антропологиямен, тарихпен, археологиямен, әлеуметтанумен, мәдениеттану мен лингвистикамен тығыз байланысты болып келеді.

Этнологияның негізгі қызметтері: танымдық - этностардың пайда болуы мен дамуын зерттеу, болжамдық - этникалық процестердің дамуын болжау, практикалық - этносаралық қатынастарды реттеуде қолдану және мәдени - этномәдени мұраны сақтау мен насихаттау. Қазақстандағы этнология ғылымының дамуы осы функцияларды жүзеге асыруға бағытталған [2].

Қазақ халқының этнографиясын зерттеудің алғашқы ғылыми негіздері XIX ғасырда қаланды. Бұл кезеңде қазақ даласына көптеген орыс зерттеушілері келіп, экспедициялар ұйымдастырды. Петр Рычков XVIII ғасырда Орталық Азиядағы көшпелі тайпалардың тұрмысы мен шаруашылығын сипаттаған алғашқы зерттеушілердің бірі болды.

XIX ғасырдың ортасында қазақ этнографиясына үлкен үлес қосқан А.И. Левшин өзінің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» (1832ж) атты еңбегінде қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік құрылымы, салт-дәстүрлері туралы кең ауқымды мәліметтер берді. Г.Н. Потанин, В.В. Радлов сияқты орыс этнографтары қазақ халқының мәдениетін, тілін, тарихын зерттеуге елеулі үлес қосты. В.В. Радловтың «Об этнографии сибирских казахов» еңбегі тюркология ғылымының дамуында маңызды рөл атқарды.

Алайда, қазақ халқының өзінен шыққан алғашқы ғылыми этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865 жж) болды. Ол тарих, этнография, география, фольклор, нумизматика салаларында құнды еңбектер қалдырды. Оның «Қазақтардың ру-тайпалық құрамы», «Қазақ эпикалық жырлары» туралы еңбектері қазақ этнографиясының іргетасын қалады.

Шоқан Уәлихановтың этнографиялық еңбектерінің ең маңыздысы - қазақ халқының ру-тайпалық құрылымын ғылыми тұрғыдан зерттеу: Қазақ халқының қалыптасу тарихын зерттеп, оның түркі-монғол тайпаларынан құралғанын дәлелдеді. Үш жүз жүйесінің (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) этникалық негіздерін талдады. Әр рудың шығу тегі, таралу аймағы, саны туралы мәліметтер жинады. «Қазақ шежіресі» еңбегінде ру-тайпалық бөліністерді жүйелеп көрсетті. Шежіре дәстүрін ғылыми көзқарас тұрғысынан талдап, тарихи аңыздарды тарихи деректердің жаңғырығы деп бағалады.

Уәлихановтың тұжырымы бойынша: «Қазақ халқы қалыптасқаннан кейін де оның құрамына жекелеген ру-тайпалық құрылымдар кірді. Қазақтардың, өзбектердің және ноғайлардың шежірелеріне қарағанда олар Алтын орда мен Шағатай ордасы құлағаннан кейін, түріктер мен монғол тұқымдарынан құралған одақ екендігі байқалады» [3].

Қазақстанда этнология ғылымының институционалдық қалыптасуы XX ғасырдың бірінші жартысында басталды. 1920-1930 жылдар Қазақстан ғылымының қалыптасқан кезеңі болды. 1926 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамы құрылып, өлкенің тарихы, этнографиясы, экономикасы зерттеле бастады. Дегенмен, бұл кезеңде этнология ғылымы әлі толық ұйымдастырылмаған еді. 1946 жылға дейінгі кезеңде қазақ этнографиясын зерттеу жекелеген ғалымдардың күш-жігерімен жүргізілді. Қазақстанда академиялық этнографияның ұйымдастырылуы мен қалыптасуы 1940-1950 жылдары заңды түрде болды. 1945 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тарих, археология және этнография

институты құрылды. Институт құрамында этнография бөлімі (сектор ретінде) ашылды. Бөлімнің алғашқы меңгерушісі - өзбек ғалымы, филология ғылымдарының кандидаты, шығыстанушы Нигмет Сабитов болды. 1946 жылы этнография секторында төрт ғылыми қызметкер жұмыс істеді: Н. Сабитов, Ш. Жанабиллов, М. Уралов және Д. Рахметов. Олардың алдында қазақтардың дәстүрлі мәдениетін, республикадағы басқа этностарды, мәдениет пен тұрмыстағы өзгерістерді зерттеу міндеттері қойылды.

1946 жылы ҚазКСР ҒА президиумының шешімімен Шығыс Қазақстан облысына алғашқы этнографиялық экспедиция жіберілді. М.Уралов пен Д.Рахметов Зайсан, Тарбағатай және Ақсу аудандарында дәстүрлі шаруашылық түрлерін, қазақтардың ру-тайпалық құрамын, туыскандық жүйесін, исламға дейінгі сенімдерін зерттеді.

Қазақстандағы этнология ғылымының дамуындағы айрықша маңызды оқиға - 1947 жылғы 5 тамызда ұйымдастырылған Комплекс антропологиялық-этнографиялық экспедиция болды. Экспедицияның қазақстандық қатысушылары: А.Н. Нурканова, М.Н. Кабиров, Д.Р. Рахметов, Ф.А. Аронов, И.В. Захарова. Бұл экспедицияның маңызы зор болды, өйткені ол Қазақстан мен кеңестік этнология орталықтары арасындағы байланыстарды нығайтты.

КСРО ыдырай бастағаннан бері этнология термині этнографияны ығыстырып шығарды. Солай, оның халықты танып білудегі рөлі нақтыланды. Бұл атау этнос терминіне тікелей байланысты және осы термин негізінде қалыптасқан. 1950 жылдардың ортасында қазақ этнологиясында маңызды бетбұрыс басталды. Бұл нақты түрде КСРО ҒА-дің жаңа тапсырмасымен байланысты - «Орталық Азия мен Қазақстанның тарихи-этнографиялық атласын» дайындау. Осы уақыттан бастап этнологтар материалдарды тереңірек жинауға және олардың объективті түсіндірмелеріне көше бастады. Дәл осы кезеңде қазақ этнологиясына жас, белсенді және талантты зерттеушілер тобы келді: академик Әлкей Марғұлан, профессорлар Халел Арғынбаев, Марат Мұқанов, Едыге Масанов, Оразак Исмағұлов. Олар қазақ этнологиялық мектебінің негізін қалаушылар болып табылады.

Әлкей Хаканұлы Марғұлан (1904-1985) - көрнекті ғалым, академик. Оның бай ғылыми мұрасы Қазақстан ғылымының көптеген салаларын қамтиды: археология, этникалық тарих, мәдениет және өнер тарихы, этнология және филология.

Әлкей Марғұлан орта ғасырдағы Орталық Қазақстан отырықшы және қала мәдениетінің маңызды орталықтарының бірі болғанын ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді. Ғалымның 1920-жылдардың соңында жазылып, 1929 жылы жарық көрген «Наймандар мен Адайлар» атты еңбегі - Қазақстандағы этнология институтының тұңғыш ғылыми зерттеулерінің бірі болып саналады. Шығыстану мен қолжазбаларды зерттеу саласындағы Әлкей Марғұланның ғылыми жолы оның «Хандар жарлығы мен бейжіздердің тарихи мәні» атты кандидаттық диссертациясынан бастау алды. Бұл еңбек қазақ ғылымындағы қыпшақтану бағыттарының негізін салған алғашқы зерттеулердің бірі болды [3].

Ал 1945 жылы қорғалған «Қазақ халқының эпикалық жырлары» атты докторлық диссертациясы қазақ эпосын, жалпы әдебиет тарихын жүйелеп, терең ғылыми талдауға жол ашқан аса ірі ғылыми үлес болып есептеледі. 1951 жылы «Ежелгі Қазақстанның тарихы мен құрылыс өнері» атты монографиясы жарыққа шықты. Әлкей Марғұланның этнологиялық зерттеулері қазақ халқының этникалық тарихын және мәдени дәстүрлерін түсінуге үлкен үлес қосты. Ол қазақтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері, қолөнері, киіз үй жасаудың ерекшеліктері, ұлттық киімдері мен тағамдары туралы орасан зор материал жинап, оларды ғылыми негізде талдады. Оның 1986-1994 жылдары аралығында жарыққа шыққан 3 томдық «Қазақ халқының қолданбалы өнері» атты еңбегі қазақ этнографиясының энциклопедиясына айналған дүние деуге болады.

Халел Арғынбайұлы Арғынбаев (1924-1998) - атақты кеңестік және қазақстандық этнограф, археолог, тарих ғылымдарының докторы (1977), профессор (1982). Ол қазақстандық этнографтар мектебінің негізін қалаушы болып саналады. Қазақтардың материалдық мәдениетін, тұрғын үй-жайларын, шаруашылығын, отбасылық салт-дәстүрлерін терең зертеді. Негізгі еңбектері: «Қазақтың ұлттық киімі ХІХ-ХХ ғасырдың басы», «Қазақтың халықтық тұрғын үйі», «Қазақ шежіресі хақында». Халел Арғынбаевтың ең ірі және маңызды еңбегі «Қазақ халқындағы отбасы мен неке», «Тарихи-этнографиялық шолу» (1973 ж) монографиясы болып саналады. Бұл көлемді зерттеуде ғалым алғаш рет қазақ отбасының жан-жақты сипатын берді.

Х.Арғынбаев қазақ этнографиясының көптеген іргелі бағыттарымен айналысты. Атап көрсетсек: көшпелі мал шаруашылығы - қой, жылқы, түйе, сиыр шаруашылығының этнографиясы, қолөнер және қолданбалы өнер - ұлттық қолөнер дәстүрлерін, отбасылық және неке қатынастары - қазақ отбасының құрылымы мен дәстүрлері; халық өнері және мәдениеті - дәстүрлі рухани мұралары, наным-сенімдер - төртүлікке байланысты наным-сенімдер, генеология (шежіре) - үш жүздің шығу тегі және этникалық құрамы туралы іргелі ғылыми бағыттарды зерттеді. 1959-1976 жылдары өткізген 30-дан астам этнографиялық экспедициялар барысында өте көп далалық материалдар жинады. Жамбыл, Талдықорған, Павлодар, Гурьев (қазіргі Атырау), Көкшетау, Ақтөбе, Маңғышлақ облыстарынан

жинаған материалдарында әр өңірдің өзіндік ерекшеліктері - тіл диалектілері, киім үлгілері, той-думан дәстүрлері, қолөнер техникалары, музыкалық дәстүрлер көрсетілген. Ғалым Шоқан Уәлихановты қазақтың алғашқы этнограф-ғалымы ретінде жан-жақты зерттеп, оның ғылыми мұрасына арналған мақалалар жазған. Академик Әлкей Марғұланның ғылыми қызметін талдап, этнография ғылымының Қазақстанда қалыптасуына қосқан үлесін бағалаған.

Марат Сәбитұлы Мұқанов (1929-1998 жж.) - тарих ғылымдарының докторы (1989 ж). Қазақстан Ғылым Академиясының ұйымдастырған этнологиялық 6 экспедиция құрамында Қазақстанның 9 облысында болып, онда қазақтың этногенезі мен этнографиясы және халықтың мәдени қарым-қатынастарының тарихы жөніндегі еңбектеріне мол материалдар (1956-1987 жж.) жинады.

Қазақ халқының этнографиясы мен этнологиясының әртүрлі тақырыптарындағы ұзақ мерзімді зерттеулері 200-ден астам ғылыми еңбектерді, соның ішінде бірқатар ірі монографияларды шығаруға мүмкіндік берді. Алдыңғы қатарлы зерттеулі еңбектері: 1968 жылы шыққан «Қазақтардың тайпалық құрамы және қоныстануы», «Орта жүз қазақтарының этникалық құрамы және қоныстануы», 1974 ж. Бұл еңбекте Орта жүздің руларының (арғын, найман, керей, уақ және т.б.) географиясы, олардың Ресей империясына кіруі, әкімшілік реформаларға байланысты өзгерістері қарастырылады [4]. Ол «Киіз үй», «Қазақ өнері», «Қазақ жерінің тарихы», «Қазақтардың этникалық территориясының қалыптасуы» атты нәргелі еңбектерді жариялады. Осы ғылыми шығармалары арқылы қазақтардың этногенезі мен этникалық тарихын зерттеуге үлкен жол ашуға ұмтылды. Ғалым этногенезбен қатар этникалық бірігу, ассимиляция, мәдени байланыс, көршілес халықтармен өзара ықпалдастықты зерттеді. Оның еңбектері этногенез, рулық жүйе, қоныстану тарихы, материалдық мәдениет секілді маңызды мәселелерге арналып, кейінгі зерттеушілер үшін негіз болып табылады. Экспедициялары мен ғылыми жинақталған материалдары этнография ғылымында дерекқор ретінде сақталған және қазіргі уақытта да қолданылады.

Оразақ Смағұлұлы (1930 ж) - Қазақстандағы антропология және этнология ғылымының негізін қалаушы, тұңғыш қазақ антропологы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі. Оның «Қазақстан халқының қола дәуірінен қазіргі уақытқа дейінгі» антропологиялық зерттеулері этногенез мәселелерін шешуге маңызды үлес қосты.

1977 жылы «Этническая геногеография Казахстана» еңбегі, серологиялық зерттеу әдісімен (қан топтарын зерттеу) жазылған монография. Кітапта Қазақстан халықтарының қан топтары бойынша геногеографиялық картасы жасалған. АВ0, MN, Rh және басқа қан жүйелері бойынша деректер жинақталып, қазақ халқының генетикалық құрылымы анықталған. Бұл еңбек қазақтардың генофондының ерекшеліктері мен басқа халықтармен генетикалық байланысын көрсетеді. Зерттеу Орталық Азия халықтарының этногенезін түсінуде жаңа бағыт ашты. 1989 жылы «Этническая одонтология Казахстана» атты еңбегін Күлән Бекетайқызымен бірлесіп жазды. Еңбекте тіс құрылымы арқылы этникалық зерттеулер жүргізілген. Еңбекте Қазақстан халықтарының тіс морфологиясы жан-жақты зерттеліп, қазақ халқының одонтологиялық типі анықталған[1]. Бұл зерттеу этногенездік мәселелерді шешуде қосымша ғылыми дәлелдер берді.

Оразақ Смағұлұлының Күлән Бекетайқызы және Айнагүл Оразаққызымен бірге жазған, 2003 жылы жарық көрген еңбегі «Алтай қазақтары» деп аталады. Онда Қытайдың Шыңжаң аймағындағы Алтай өңірінде тұратын қазақтардың этникалық және антропологиялық тұрпатын зерттеп, кітапта Алтай қазақтарының шығу тегі, этникалық құрамы, антропологиялық типі және Қазақстан өлкесіндегі қазақтарымен салыстырмалы талдаулар жасады. Еңбек диаспорадағы қазақтардың этникалық сипатын сақтауын көрсетеді. Осы кезеңде жүргізілген экспедициялық зерттеулер жүйелі түрде және қарқынды түрде жүзеге асырылды. 1980 жылдардың басына дейін этнологтардың шағын ұжымымен дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет бойынша үлкен көлемдегі бірегей далалық материал жиналды.

1980 жылдары этнология ғылымында жаңа бағыттар қалыптаса бастады. Этникалық процестер, ұлттық қатынастар, қазіргі заманғы этникалық мәдениет зерттеліп, қазақтардың этникалық өзіндік санасы, этникалық қайта жаңарту процестері назарға алынды. Бұл кезеңде: Е.Масанов, Э.Тоқтабай сынды ғалымдар қазақтардың кеңестік кезеңдегі демографиялық және этникалық процестерін зерттеді. С.Әбдірайымов қазақ мәдениетінің кеңестік трансформациясын талдады. Қ. Халиков қазақтардың ру-тайпалық құрылымының қазіргі жағдайын зерттеді.

1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі этнология ғылымында жаңа кезеңнің басталуына алып келді. Идеологиялық шектеулерден босану, ғылыми зерттеулердің жаңа тақырыптарын айқындау, халықаралық ынтымақтастықты дамыту мүмкін болды. 1993 жылы Тарих, археология және этнография институты Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты болып, қайта құрылды. Бұл өзгеріс этнология ғылымының маңыздылығын көрсетті. Институт құрамында Этнология және антропология бөлімі жұмыс істейді.

Қазақ этнографиясы мен этнологиясының қалыптасу және даму тарихы - бір ғана ғылыми бағыттың эволюциясы емес, сонымен қатар қазақ халқының этникалық болмысын, мәдени коды мен өркениеттік ерекшелігін танудың ұзақ әрі жүйелі жолы болып табылады. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінен бастап XX ғасырдағы отандық этнологиялық мектептің құрылуына дейінгі кезең қазақ этнографиясының ғылыми негіздерінің біртіндеп қалыптасқанын айқын көрсетеді. П.Рычков, А.Левшин, Г.Потанин, В.Радлов секілді зерттеушілер қазақтың материалдық және рухани мәдениетін алғаш болып жүйелеп жазса, Шоқан Уәлиханов бұл бағытты жаңа ғылыми деңгейге көтеріп, қазақ этнографиясының ұлттық негізін қалады. Оның ру-тайпалық құрылым, шежіре, ауыз әдебиеті, халық мәдениеті туралы пайымдары кейінгі барлық зерттеулердің іргетасы болды.

XX ғасырдың алғашқы жартысындағы ғылыми және саяси өзгерістер Қазақстанда этнологияның институционалдық дамуына жол ашты. 1946 жылы құрылған этнография бөлімі, ұйымдастырылған экспедициялар мен ғылыми жобалар қазақ халқына тән этномәдени ерекшеліктерді жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік берді. Бұл кезең қазақ этнографиясының деректік негізін толықтырған, Қазақстан аймақтарынан мол материал жинақталған уақыт болды. 1950-1980 жылдары Әлкей Марғұлан, Халел Арғынбаев, Марат Мұқанов, Оразақ Исмағұлов сынды көрнекті ғалымдардың еңбектері ішкі этникалық құрылым, тұрмыс-тіршілік, қолданбалы өнер, антропология, этногеография, этногенез мәселелерін ғылыми тұрғыда кешенді қарастырды. Олар өз зерттеулерімен қазақ этнологиясының ұлттық мектебін қалыптастырып, оның теориялық және әдістемелік шекарасын кеңейтті.

Тәуелсіздік кезеңі этнология ғылымы үшін жаңа серпіліс пен бағыттар ашып, идеологиялық шектеулерден арылған тың зерттеулерге мүмкіндік жасады. Этникалық жаңғыру, ұлттық бірегейлік, қазақ диаспорасының этномәдени ерекшеліктері, қазіргі этникалық процестер, мәдени трансформация сияқты тақырыптар зерттелудің жаңа бағытына айналды. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының құрылуы - этнология ғылымының ұлттық маңызын айқындап, оның дербес ғылыми сала ретінде орнығуын қамтамасыз етті.

Жалпы алғанда, қазақ этнология ғылымының даму жолы - халықтың төл тарихын тану, этникалық тұтастықты сақтау, ұлттық мәдени мұраны ғылыми тұрғыда зерделеу жолындағы үздіксіз ізденістер мен іргелі еңбектердің жемісі. Қалыптасқан ғылыми мектеп, жинақталған деректер қоры, кең ауқымды экспедициялық материалдар мен теориялық зерттеулер қазіргі кезеңде де ұлттық болмысты зерттеудің берік негізін құрайды. Бүгінде қазақ этнологиясы әлемдік антропологиялық және этнологиялық ғылым кеңістігіндегі орнын нығайтып, жаңа зерттеу бағыттарымен толыққан күрделі әрі маңызды ғылыми сала ретінде дамуын жалғастыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алибек, С.Н. Этнология Казахстана: история и современность [Текст] : монография / С.Н. Алибек, С.К. Косанбаев, А.К. Бегалиева. - Алматы : Қазақ университеті, 2018.- 190 с.
2. Г. А. Мейрманова. Этнологиялық зерттеу әдістері [Текст] : оқу құралы / - Алматы : [б. и.], 2016. - 180 б.
3. Алтаев, А.Ш. История этносов Казахстана (1991-2016 гг.) [Текст] : учебное пособие / А.Ш. Алтаев. - Алматы : Қазақ университеті, 2018.- 158 с.
4. https://eo.iea.ras.ru/wp_content/uploads/2000/02/eoarchive_2000_2_173_ismagulov.pdf
5. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ресми сайты. - <https://iie.kz>
6. <https://www.elibrary.ru/defaultx.asp>

ПАВЛОДАР Өңірінің жер-су атаулары: тарихи-мәдени талдау

Зекіш Н.М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD - Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

zekishnurbek@gmail.com

Астана қ.

Андатпа

Павлодар өңірі Қазақстанның солтүстік-шығысында орналасқан, өзінің тарихи және мәдени мұрасымен ерекшеленетін аймақтардың бірі болып табылады. Бұл өңірдің жер-су атаулары көптеген ғасырлар бойы қалыптасып, халықтың өмір салты, мәдениеті, табиғатпен байланысы мен тарихи